



БҰЙРЫҚ

07.04.2026 ж.

Ақмол облысы

ПРИКАЗ

№ 177

село Ақмол

Далалық оқу-жаттығу жиынын өткізу туралы

Оқу бағдарламасы «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген;

1) «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» ҚР 2012 жылғы 16 ақпандағы Заңы;

2) «Бастапқы әскери дайындық қағидаларын бекіту туралы» ҚР Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 12 шілдедегі №347 бұйрығына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «21» сәуірдегі жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11 сыныптары үшін «Алғашқы әскери және технологиялық даярлық» пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасының 2020 жылғы №154 қаулысына сәйкес, білім алушылардың практикалық дағдылары мен іскерлігін, сондай-ақ әскери істі зерделеуге қызығушылық таныту мақсатында 10-сынып жасөспірімдерімен бес күндік оқу-далалық жаттығу жиындары әскери бөлімдердің (ә/б қолбасшылықтарының келісімі бойынша), тиісті оқу-материалдық базасы бар білім беру ұйымдарының базаларында оқу-дала жиындарын өткізу туралы **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2026 жылдың 4-8 мамыр күндері аралығында Целиноград ауданның жалпы білім беретін орта мектептердің базасында 10 сынып жасөспірімдерімен 5 күндік оқу-далалық жаттығу жиындары өткізілсін.

2. Жиындарды өткізу кезінде жалпы білім беретін орта мектептердің 10 сынып қыздары сабақ кестесінде жоспарланған дәстүрлі сабақтарға тартылсын.

3. Білім беру ұйымдарының директорлары оқу-далалық жаттығу жиындары, практикалық сабақтарды өткізуге дайындықты ерекше бақылауға алсын.

4. Оқу-далалық жаттығу жиындарын өткізу кезеңінде әскери қызметшілердің өмірімен, тұрмысымен, танысу мақсатында (келісім бойынша), Қарулы Күштердің ардагерлерімен, интернационалист-жауынгерлермен, запастағы офицерлермен кездесулер ұйымдастырылсын.

5. Оқу-далалық жаттығу жиындарына 10 сыныптың ер балаларын қамти отырып, санына қарай олардың ішінен оқу ротасын қалыптастырылсын.

6. Взвод командирлері АӘТД әскери жетекшісі және олардың көмекшілеріне әскери қызметкерлерінен тағайындалсын.

7. 2026 жылдың мамыр айында оқу-дала жаттығу жиындарын жоспарланған барлық құжаттамаларын бекіте отырып, оқу-далалық жаттығу жиындарына командиріне алғашқы әскери дайындық оқытушысы-ұйымдастырушысы тағайындалсын.

8. 2026 жылдың 1 мамырға дейін оқу-далалық жаттығу жиындарына денсаулығына байланысты босатылған ер балалардың анықтамасы тапсырылсын.

9. Барлық мектеп директоры мен АӘТД ұйымдастырушысы және сынып жетекшілері бірлесе отырып, ата-аналар жиналысын 1 мамырға дейін өткізіп, ата-аналарға оқу-далалық жаттығу жиындарының толық экипировкалы тізімі берілсін.

10. Барлық жалпы орта білім беру мектептерінің директорлары 1 мамырда сапта тұрудың толық экипировкалы қойылымындағы ер балалардың дайындығы тексерілсін.

11. Оқу-далалық жаттығу жиындарына қатысушылардың назарына ескерту тәртібіне мән беру, ұйымдастырушыларға тәжірибелік жаттығуларда қауіпсіздік ережелерін қатаң түрде сақтау қадағалансын.

12. Барлық оқу-далалық жаттығу жиындарына қатысушыларға саптық жаттығулар өтетін орынды, ойындар өткізілетін орынды, медициналық қызмет көрсетуді, құқық сақтау және өрт қауіпсіздігі қызметшінің кезекшіліктермен қамтамасыз етуін мектеп директорына, АӘТД пән ұйымдастырушыларына жүктелсін.

13. Оқу-далалық жаттығу жиындары уақытында оқушылардың жол жүргенде және жиындарды өткізу кезінде денсаулығы мен өмірі үшін жауапкершілік мектеп директорларына жүктелінсін.

14. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау білім бөлімінің әдіскері Е.С.Қорғанбековке жүктелсін.

Басшы



Т. Каратаев